Қазақстан футболының 2034 жылға дейінгі даму стратегиясы

19 қыркүйек 2022 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Қазақстан футболындағы қалыптасқан жағдайдың себептерін талдау.
2. "Стратегия–2034" мақсаттары.
3. 2022-2034 Жол картасы: әр мақсатқа жетудің түсінікті және төте жолы.
4. Қойылған мақсаттарға қол жеткізудің негізгі тетіктері.
5. Реформалар шеңберіндегі ҚФФ жұмысының қағидаттары.
6. Қорытынды

1-тарау. Қазақстан футболындағы қалыптасқан жағдайдың себептерін талдау

Стратегия мен оның мақсаттарын ауызға алмас бұрын Қазақстандағы футболдың қалыптасқан жағдайын және оның түпкі себептерін түсініп көрейік. Бұл ретте "кінәлілерді табуға" тырысудың мәні де, мағынасы да жоқ, өйткені бұл сындарлы идеялар мен іс-әрекеттерге ден қоюға жұмсауға болатын уақытты және энергияны зая кетіреді. Түпкі себептерді түсіну алдымен неден бастау керектігін, қай нәрселерге көңіл бөлу қажеттігін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді, бұл мақсаттарға ұмтылудағы аса маңызды қадам болып табылады. Сондай-ақ түпкі себептерді талдау жұмысы бізге футбол экожүйесі қатысушыларының көпшілігімен бетпе-бет келуге, оларды естуге, түсінуге, олардың тығырықтан шығу жөніндегі ұсыныстарын тыңдауға мүмкіндік берді.

Алдымен бірнеше дәйектер мен сандарды келтірсем. Қазақстан ерлер құрамасы қазіргі таңда ФИФА рейтингінде 120-орында тұр. Салыстырар болсақ, халық саны және жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі ұқсас Румыния елі 44-орында, ал Өзбекстан 84-орында. 20 шақты қазақстандық футболшы елден тыс жерлерде ойнайды, олардың көбі Беларусь пен Ресейде (тағы салыстыратын болсақ, Украинаның 202, Ресейдің 192, Беларусьтің 45 және Өзбекстанның 32 футболшысы шет елдерде). Қазақстан жастар құрамасы УЕФА-2021 іріктеу турнирінде топта 4-ші орынға табан тіреді, 50 000 ғана халқы бар Фарер аралдарынан небары 1 ұпайға оздық.

Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан премьер-лигасының (ҚПЛ) танымалдығы қазақстандық жанкүйерлер арасында Англия Премьер-лигасымен бір деңгейде (тиісінше 21% және 20%); бұл ретте Чемпиондар Лигасы (32%) және Еуропа Лигасы (27%) Қазақстанда ең танымалдары болып табылады. ҚПЛ чемпионатында (Қазақстанның Кәсіби футбол лигасының жоғары дивизионы) легионшылар ойыншылардың 32%-ын құрайды, Ресейде де осыған ұқсас жағдай орын алған (бұл ретте легионшылар Украинада - 22%, Өзбекстанда -10% құрайды). ҚКФЛ ойыншыларының орташа жасы – 27 (өзге елдердің жоғарғы дивизиондарымен салыстырар болсақ, Ресей мен Өзбекстанда 26.3 жас, Украинада 25.6, Беларусьте 24.9 жас және Данияда 24 жас).

Бұқаралық футболдың күйіне тоқталайық. Қазақстан футболындағы әйелдердің бүгінгі үлесі 1% (Еуропада 4%), ересектердің 10%-ы (Еуропада 14%), балалардың 22%-ы футбол ойнайды (Еуропада 27%). Сонымен қатар соңғы 5 жыл ішінде 18-24 жас шамасындағы жастар, сондай-ақ олардың 45-54 жастағы ата-аналарының арасында футболға деген қызығушылық айтарлықтай төмендеді; респонденттердің көбі бұл ойынды "қызықсыз" деп санайды (56%) және сапасын "төмен" деп бағалайды (20%). 2016 жылмен салыстырғанда ұлттық құраманы мақтан ететін жанкүйерлер 2 есеге дерлік азайған. Футбол саласына жыл сайын көптеген қаржы құйылып жатқан кезде нәтижелердің осындай болуы қынжылтарлық жағдай.

Жағымды жағы ретінде мектептерде "Футбол сабағы" енгізілгенін атап өтуге болады, бұл, әрине, кіші мектеп жасынан бастап балалардың футболға деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Қалыптасқан динамиканың себептері қандай? Елімізде футболдың барлық қырларына әсер ететін бірнеше себепті айта кетейін:

1. Қазақстанда құрамалармен жұмыс кезінде **белгілі бір философияға, қағидаттарға және стильге негізделген ұлттық футбол моделі ("ойын моделі") кеңінен қолданылмайды**. Көптеген елдерде ұлттық ерекшеліктерге негізделген меншікті ойын моделі ұлттық

құрамалардың нәтижелерін өзгертуге септігін тигізді. Ойынның бірыңғай философиясы мен моделі елдегі жастармен жұмыс істейтін көптеген жаттықтырушылардың күш-жігерін біріктіруге, бір жас тобынан келесіге ауыстыруды үйлестіруге, бірінші ұлттық құраманы жас футболшыларды даярлау пирамидасымен байланыстыруға мүмкіндік береді.

2. **Жаттықтырушыларды оқыту және лицензиялау жүйесі жете қамтылмаған, лицензиялық курстар мен жалпыұлттық философия және ойын моделі арасында байланыс жоқ.** Бұқаралық футбол жүйесінде жұмыс істеу үшін лицензиялау тиісті рөл атқармайды, ал бір жылдағы сессиялар құны мен санына байланысты лицензиялардың жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкін емес. Лицензиялау жүйесі футбол пирамидасының балалар футболынан бастап ұлттық құрамаға дейінгі әртүрлі деңгейлерінде жаттықтыру қызметін жүргізу үшін қажетті терең, егжей-тегжейлі әдіснамалық материалдары бар ұлттық ойын моделіне құрылмаған.

3. **Футбол 90% мемлекет есебінен қаржыландырылады**, бұл ретте ресурстар негізінен қандай да бір нәтижелерге, тиімділік көрсеткіштеріне немесе өзге де өлшемдерге байланысты емес, күнтізбе бойынша бөлінеді. Мұндай жағдайда жастардың дамуына инвестиция салуға, ұзақ жұмыс істеуге, басқару сапасын арттыруға, жанкүйерлермен жұмыс істеуге және футбол бизнесін құруға мотивация байқалмайды.

4. **Клубтардың кәсіби иелері мен басшыларын, спорттық және техникалық директорларды, футбол жаттықтырушыларын, сарапшы-жаттықтырушыларды, коммерциялық директорларды, жарыс ұйымдастырушыларын (event management) дамыту және даярлау жөніндегі бағдарламалар болмағандықтан, Қазақстан футболында басқарушы, спортшы, талдаушы және ұйымдастырушы таланттар (кадрлар) тапшылығы сезілуде**.

5. **Футбол инфрақұрылымы шағын аудандардың күнделікті өміріне кірістірілмеген, оның орналасқан жері мен сапасы** қатысушылардың неғұрлым көбірек санын тартуға ықпал ете алмайды, Даярлық орталықтары мен бұқаралық футболдың жарысу мүмкіндіктері арасында айтарлықтай алшақтық бар.

6. **Бұқаралық футболды, оның ішінде әйелдер футболын дамыту бағдарламасы жоқ.** Бұқаралық футбол кәсіби футболдың табысты дамуының негізі болып табылады және жанкүйерлер буынын тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Елімізде "футбол – ерлер ойыны" деген ескі стереотип қалыптасқан. Осы стереотип бұзылған кезде әлемнің көптеген елдерінде әйелдер футболы дами бастады.

Жоғарыда келтірілген себептерді зерделей келе, бүкіл футбол экожүйесінің маңызды нәтижелері, атап айтқанда халықаралық аренадағы командалар мен клубтардың нәтижелері; ойын-сауық өнімі ретіндегі біздің футболдың тартымдылығы; сектордың қаржылық тұрақтылығы мен өзін-өзі өтей алуы және адамдардың ойынға қатысуға деген ұмтылысы, ойыншыларға, жанкүйерлерге және футбол ғажабының тұтынушыларына айналу деңгейі орташадан төмен, ал мүмкіндіктер әлеуеті өте жоғары екені белгілі болды.

Қазіргі қалыптасқан жағдайға жауапты адамдарды іздеудің қажеті жоқ екенін түсінген жөн; футбол – бұл көптеген аймақтардан, қатысушылардан, шектеулерден, дәстүрлерден, қағидаттар мен әдеттерден, әртүрлі мақсаттардан, сондай-ақ ықпал ету және ынталандыру механизмдерінен тұратын экожүйе. Тіпті әркім өз сатысында, өз орнында жақсы жұмыс істеуге және өз рөлін өте жақсы атқару арқылы нәтиже беруге қанша тырысса да, футбол

жүйесі күтілетін нәтижені бермейді. Жағдайды жақсартуға қаншалықты ынталы болғанымен, экожүйенің жекелеген қатысушылары оны жеткілікті түрде өзгерте алмайды. Сондықтан "Стратегия-2034" Қазақстанның футбол экожүйесінің бірнеше негізгі элементтеріне бір мезгілде әсер етуге мүмкіндік беретін, осылайша нәтижені көріп қана қоймай, оны алдағы уақытта қолдан шығарып алмау үшін жеткілікті ұзақ уақыт бойы бір бағыттағы әрекеттердің маңызды негіздемесін құратын жүйелі тәсілдемеге сүйенеді. Міне сондықтан осы ҚФФ осындай күрделі іс-қимылдардың катализаторына және алыс қашықтықтағы осындай кешенді өзгерістер үшін қажет болатын, құзыреттіліктер, энергия көзіне және тұрақты бағдарға айналуы тиіс. Ал процестің барлық қатысушыларын біріктіретін нысаналар да ауқымды, ұзақ мерзімді болады: Қазақстан футболына өзіне лайықты, жаңа деңгейге шығатын кез келді.

2-тарау. Қазақстан футболының 2034 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттары

Бұл жағдайдан шығу үшін бүкіл футбол отбасы мүшелерінің ойлау және талап ету парадигмасы өзгеруі қажет. Қазақстан – спорттық дәстүрлері берік орныққан, үлкен, бай ел. Халықаралық футбол қауымдастығында біз грандтармен бәсекеге түсуге қабілетті екенімізді дәлелдедік: Қазақстанның футзал құрамасы Әлем және Еуропа чемпионаттарында үздіктер сапынан үнемі табылып келеді. Біздің биік мақсаттар қою үшін қажетті барлық алғышарттарымыз бар. Әркім өзінен көп нәрсені күте білуі тиіс: тәжірибеден көріп отырғанымыздай, мақсаттар неғұрлым амбицияға толы болса, нәтиже де соғұрлым зор болмақ.

Сондықтан "Стратегия-2034" қажырлы, дәйекті жұмыс нәтижесінде келесі асқаралы асуларды алуға бағытталған:

1. *Футбол қызметінің барлық салаларын жоғары білікті кадрлармен толықтыру: жаттықтырушылар, судьялар, басқарушылар және басқалар.*

   Құзыреттілікті арттырмай, жаңа идеялар енгізбестен, жаңа көшбасшыларды дамытпай ешқандай реформалар мүмкін емес. Жақсы оқытылған және өзгерістерге ашық жаттықтырушылардың, басқарушылардың, ұйымдастырушылардың тұрақты ағымы қайта құру процесін қайтымсыз етеді.

2. *Әлемдік деңгейдегі қазақстандық футболшыларды даярлау жүйесін құру.*

   Әр түрлі елдердің футбол экожүйелерін сәтті трансформациялаудың барлық дерлік модельдері талантты жастарды іздеуге және тәрбиелеуге деген көзқарасты өзгертуге негізделген. Жас таланттардың тұтас буынын тәрбиелеу бүкіл елдің футбол шаруашылығында мазмұнды және құрылымдық өзгерістерді, жаппай футболды дамытуды, процестің барлық қатысушыларын үйлестіруді, дарынды жаттықтырушылардың тұтас тобын дамытуды, ойынның тұтас ұлттық моделін және «табысты ойыншы» бейнесін енгізуді талап етеді.

3. *Елде футбол бизнес индустриясын құруға бағытталған Қазақстандағы кәсіби футбол трансформациясы.*

   Қазақстан футболындағы қазіргі серпіннің негізгі себептерінің бірі – кәсіби клубтарды иелену және қаржыландыру құрылымы, және кәсіби лигалар регламенттерінің (міндетті түрде қасақана емес) анықталған бағыты. Футбол құрылымындағы дәйекті және үдемелі өзгерістер жаңа ресурстарды босатып, оларды талантты жастарды дамытуға бағыттайды.

4. *Қазақстан футболының халықаралық аренадағы спорттық нәтижелерін жақсарту.*

   Тек осындай масштабтағы өршіл спорттық мақсат қана барлық таланттарды, идеяларды және ресурстарды жұмылдыруға мәжбүр етеді. Ол Қазақстан футболындағы барлық реформалар табысының түпкілікті өлшемі болып табылады және футболшылар мен жанкүйерлердің болашақ ұрпағы үшін күтудің жаңа деңгейін қалайды.

Барлық мақсаттар, оларға қол жеткізудің әртүрлі мерзімдеріне қарамастан, өзара байланысты және бұрынғы мақсаттарға жету ұзақ мерзімді мақсаттарға жетудің негізі болып

табылады. Бес үлкен мақсаттың әрқайсысында күтілетін нәтижеге жақындау дәрежесін бақылауға болатын межелер ойластырылды. Олар туралы "Стратегия–2034" жол картасын талқылайтын басқа бөлімде бөлек айтылатын болады.

"Стратегия–2034" мақсаттары тарихи фактілер мен бүгінгі таңдағы қалыптасқан жағдай тұрғысынан қарағанда шындыққа жанаспайтындай болып көрінуі мүмкін. Алайда осындай ауқымдағы ұзақ мерзімді мақсаттар ғана футбол қауымдастығын шын мәнінде дүр сілкіндіріп, процестің барлық қатысушыларын біріктіре алады және бізді сәтті модельдерді дәйекті түрде енгізуге, тыңнан түрен тартып ойлауға, жастарға сенім артуға ұмтылдырады. Егер осы мақсаттарға ашық баға беретін болсақ, олардың бәрі қаншалықты қол жетпестей көрінгенімен, әрқайсысын жеке-жеке алғанда іске асыруға болады, ал бізге дейін мұндай теңдессіз жетістіктерге Еуропада Исландия, Хорватия, Дания және Польша, Азияда Оңтүстік Корея мен Жапония; Канада, АҚШ және Америкада Коста-Рика жеткені рас. Олардың барлығы тұшымды тәжірибені басшылыққа алып, "велосипед ойлап табуға" тырыспай, ұлттық футбол реформалары үшін стратегиялық, прогрессивтік тәсілдеме әзірледі; ал осы елдердің үздік ойыншылары мен клубтарының нәтижелері, олардың командаларының жетістіктері шыдамдылықтың, тәртіптің, инновациялар мен кәсіби шеберліктің жемісі десек болады.

Әрине, мұндай биік мақсаттарға қол жеткізуде және сапаға ойысуда қолданылатын тетіктер қандай болмақ деген сұрақтың туындауы заңды. "Стратегия-2034" пен қазақстандық футболды трансформациялаудың өзге тәсілдемелерінің айырмашылығы қандай?

3-тарау. 2022-2034 Жол карталары: әр мақсатқа жетудің түсінікті және төте жолы

3.1. Жол карталары

Үлкен жетістікке жетудің түзу жолы сонымен қатар келесілерді талап етеді: трансформация процесі басталатын бастапқы уақыттағы шынайы жағдайды нақты түсіну; дұрыс бағыттағы қозғалысты білдіретін аралық мақсаттардың болуы; себеп-салдарлық байланыстар мен болашақ қадамдардың ретін білу; туындауы мүмкін қиындықтар мен динамиканы алдын ала болжай білу және бір мезгілде бірнеше уақыт көкжиектерінде ойлау және әрекет етуге қабілетті болу.

Логика тізбегін жеңілдету үшін мақсаттардың 4 санатының әрқайсысы үшін Жол картасын жеке бөліп қарастырып, мәрелік жетістікке жету үшін өтілуге тиісті межелерді зерделейік. Осы жол карталарын қарастыру кезінде 2-3 жылдан астам көкжиектегі реформалар серпінінің қалай өрбігенін нақты болжау мүмкін емес екенін есте ұстаған жөн. Біз тек 2034 жылдың аяғында қол жеткізуге тырысатын түпкілікті мақсатымыз туралы және 2022 жылы іске қосылуы жоспарланған бастапқы жобалар туралы үлкен сеніммен айта аламыз, ал аралық кезеңдердегі межелер прогресті бағалауға арналған өлшем жүйелері, сондай-ақ мерзімдері жөнінен деңгейлес болып табылады. Бірінші мақсаттан бастайық, ол –барлық өзгерістердің бастауы.

1. *Жол картасы және №1 мақсатқа жету көрсеткіштері* ***Футбол қызметінің барлық салаларын жоғары білікті кадрлармен толықтыру: жаттықтырушылар, судьялар, менеджерлер.***

"Стратегия-2034" футбол экожүйесінің барлық салаларында жақсы дайындалған мамандар пулын құру арқылы реформалардың іргетасын қалайды. Дәл осы дарынды, бастамашыл, жақсы дайындалған мамандар реформаларды жүргізудің қозғаушы күші болып табылады. Федерация әр жаттықтырушыға, клуб басқарушыға, федерациялардың және басқа да футболдық қоғамдық ұйымдардың қызметкерлеріне жоспарланған реформалардың алдыңғы шебінде/шеңберінде білім алуға, кәсіби өсуге және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беруі тиіс. Ал таланттарды даярлаудың жаңа жүйесінің біріктіруші факторы ұлттық философия, қағидаттар және ойын моделі болмақ.

Жол картасы және № 1 мақсатқа жету көрсеткіштері

Стратегиялық міндет	**Кезеңдер**	**Кезеңдер**	**Кезеңдер**	**Мақсат**
	2025	**2030**	**2032**	**2034**
Ұлттық философияны, қағидаларды және футбол моделін өзектендіру	Ойынның ұлттық моделі жаттықтырушыларды даярлау жүйесіне интеграцияланған	Ойынның ұлттық моделі жаттықтырушыларды даярлау жүйесінің негізі болып табылады	Ойынның ұлттық моделі ұлттық құрамалардың халықаралық турнирлердегі жеңістерінің негізі болып табылады	Ойынның Қазақстандық моделі 2034 жылғы Әлем чемпионатында сарапшылардың мойындауына ие болды

	Ұлттық модель бірнеше аймақтарда тігінен және барлық жасөспірімдер құрамаларында сәтті қолданылады	Ойынның ұлттық моделі біріншіні қоса алғанда, барлық ұлттық құрамаларды дайындауда қолданылады		
ҚФФ жанынан футбол кадрларын даярлау орталықтарын құру	Спорт кадрларын даярлау орталығы мен Спорт менеджерлерін даярлау орталығы бағдарламалардың толық жиынтығымен жұмыс істейді және жылына 500-ге жуық жаттықтырушы мен 50 басқарушыны оқыта алады	Орталықтар жылына 1000-ға жуық жаттықтырушы мен 100 басқарушыны оқыта алады	Басқа елдердің мамандарын оқыту үшін бағдарламалар ашу	Спорт кадрларын даярлау орталығы мен Спорт менеджерлерін даярлау орталығы Орталық Азиядағы ең сұранысқа ие дайындық құрылымдары, басқа федерациялар үшін эталон болып табылады
	Спорт кадрларын даярлау орталығының бағдарламалары: Балалар жаттықтырушысы БЖСМ жаттықтырушысы Академия жаттықтырушысы Қақпашылардың жаттықтырушысы Сарапшы-жаттықтырушы Скаут	Шетелдегі спорт кадрларын даярлау орталығы мен спорт менеджменті орталығының серіктестерімен біліктілікті арттыру бағдарламаларының барлық деңгейлері мен халықаралық тағылымдамалар бағдарламасы іске қосылды		Спорт кадрларын даярлау орталығының өзін-өзі толық өтеуге шығуы

	Спорт менеджерлерін даярлау орталығының бағдарламалары: Клуб директоры Кәсіби клубтың спорт директоры Клубтың техникалық директоры Клубтың коммерциялық директоры Футбол және қаржы Жарысты ұйымдастырушы және жанкүйерлермен жұмыс Мансабын аяқтаушы ойыншыларға арналған футболдағы мансаптық бағдарлама Халықаралық тағылымдама бағдарламасы			Спорт менеджерлерін даярлау орталығының кірістілікке шығуы
	Жаттықтырушылар лицензиясын қолдау жөніндегі міндетті курстарға қосымша біліктілікті арттыру жүйесін іске қосу			

Футболдың барлық салаларында таланттар пулын қалыптастыру –бұл үлкен жетістік, "Стратегия-2034" ең маңызды мақсаты. Бұл мақсатқа жетудің сондай-ақ барлық қалған мақсаттарға ойдағыдай және мүмкіндігінше тезірек қол жеткізу үшін барлық қажетті жағдайларды жасау үшін де қажет.

2. *Жол картасы және №2 мақсатқа жету көрсеткіштері* ***Әлемдік деңгейдегі қазақстандық футболшыларды даярлау жүйесін құру***

Дарынды ойыншылардың тұтас буынын және жас талантты жаттықтырушылардың үлкен тобын дамыту елдің бүкіл футбол шаруашылығын реформалаудың да, құрамалардың халықаралық аренадағы спорттық нәтижелерінің де табыстылығының міндетті шарты болып табылады.

Жол картасы және №2 мақсатқа жету көрсеткіштері

Стратегиялық міндет	**Кезеңдер**	**Кезеңдер**	**Кезеңдер**	**Мақсат**
	2025	**2030**	**2032**	**2034**

Жаппай футболды (оның ішінде әйелдер футболын)дамыту	Елдегі барлық ойыншылардың саны кемінде 1,175 миллион адамды құрайды	Елдегі барлық ойыншылардың саны кемінде 2 миллион адамды құрайды	Елдегі барлық ойыншылардың саны кемінде 2,2 миллион адамды құрайды	Елдегі барлық ойыншылардың саны кемінде 2,5 миллион адамды құрайды
	Қазақстандықтардың жергілікті клубтар мен құрамалардың жанкүйерлері қатарына тарту бойынша бағдарламалар әзірлеу	Қазақстандық футболға қызығатындардың (клуб және/немесе ұлттық құрамалардың жанкүйерлерінің) саны кемінде 3,5 миллион адамды құрайды	Қазақстандық футболға қызығатындардың (клуб және/немесе ұлттық құрамалардың жанкүйерлерінің) саны 4,5 миллион адамнан кем емес	Қазақстандық футболға қызығатындардың (клуб және/немесе ұлттық құрамалардың жанкүйерлерінің) саны кемінде 5 миллион адамды құрайды
	U14 жасқа дейінгі барлық ұлттық әуесқой турнирлердің жаңа форматын іске қосу	U12 жасқа дейінгі барлық ұлттық әуесқой турнирлердің жаңа форматын іске қосу	U9 жасқа дейінгі барлық ұлттық әуесқой турнирлердің жаңа форматын іске қосу	Елімізде балалар мен ересектерден, аудан мен қала біріншіліктерінен бастап Қазақстанның жалпы ұлттық әуесқой Кубогына дейін әр жас санатындағы әуесқой футбол мен жарыстардың толыққанды пирамидасы жұмыс істейді
	Ойнайтын қыздардың/әйелдердің саны кемінде 100,000	Ойнайтын қыздардың/әйелдердің саны кемінде 200,000	Ойнайтын қыздардың/әйелдердің саны кемінде 250,000	Ойнайтын қыздардың/әйелдердің саны кемінде 300,000
Инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу		Қазақстан балаларының 60% - ы үйден 20 минуттық жүрістен аспайтын, ашық қолжетімді (және жасанды көгалдары бар) футбол алаңына ие	Қазақстан балаларының 70% - ы үйден 20 минуттық жүрістен аспайтын, ашық қолжетімді (және жасанды көгалдары бар) футбол алаңына ие	Қазақстан балаларының 80% - ы үйден 20 минуттық жүрістен аспайтын, ашық қолжетімді (және жасанды көгалдары бар) футбол алаңына ие
	Сыйымдылығы 8000 адам болатын 7 стадион құрылысы басталды	Қазақстанда сыйымдылығы 8000 адам болатын кем дегенде 5 стадион салынды және жұмыс істейді		
	Қазақстанда кемінде 7 толық көлемді футбол манежі салынды және жұмыс істейді	Қазақстанда кемінде 12 толық көлемді футбол манежі салынды және жұмыс істейді	Қазақстанда кемінде 15 толық көлемді футбол манежі салынды және жұмыс істейді	Қазақстанда кемінде 20 толық көлемді футбол манежі салынды және жұмыс істейді, әрбір облыс орталығында, Республикалық

				маңызы бар 3 қалада бір-бірден
Ойыншыларды оқыту және дамыту процесіне ұлттық философияны, ойын қағидаттары мен моделін енгізу	Скаутинг пен жас таланттарды талдаудың ұлттық жүйесі құрылып, жұмыс істеуде			
	Ұлттық модель тігінен бірнеше аймақтарда және барлық жасөспірімдер құрамаларында сәтті қолданылады	Ойынның ұлттық моделі біріншіні қоса алғанда, барлық ұлттық құрамаларды дайындауда қолданылады		Таланттарды дамытудың Қазақстандық үлгісін Орталық Азиядағы әлемдік футбол сарапшылары «ең заманауи» деп бағалап отыр
	Академиялар мен Даярлау орталықтарының жас футболшыларымен жұмыс істейтін жаттықтырушылардың кемінде 30% - ы және Ұлттық құрамалармен жұмыс істейтін жаттықтырушылардың 50% - ы ҚФФ жанындағы жаттықтырушыларды даярлау орталығында оқудан өтті	Академиялар мен Даярлау орталықтарының жас футболшыларымен жұмыс істейтін жаттықтырушылардың кемінде 60% - ы және Ұлттық құрамалармен жұмыс істейтін жаттықтырушылардың 80% - ы ҚФФ жанындағы жаттықтырушыларды даярлау орталығында оқудан өтті	Академиялар мен Даярлау орталықтарының жас футболшыларымен жұмыс істейтін жаттықтырушылардың кемінде 70% - ы және Ұлттық құрамалармен жұмыс істейтін жаттықтырушылардың 90% - ы ҚФФ жанындағы жаттықтырушыларды даярлау орталығында оқудан өтті	Академиялар мен Даярлау орталықтарының жас футболшыларымен жұмыс істейтін жаттықтырушылардың кемінде 80% - ы және Ұлттық құрамалармен жұмыс істейтін жаттықтырушылардың 100% - ы ҚФФ жанындағы жаттықтырушыларды даярлау орталығында оқудан өтті
Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту	Жас тәрбиеленушілерді даярлаудың 2 өңірлік орталығы ашылды	Елімізде ҚКФЛ футбол клубтары мен бірінші лиганың жанында кемінде 4 жасөспірімдер академиясы жұмыс істейді	Елде футбол клубтарының жанында кемінде 8 жасөспірімдер Академиясы жұмыс істейді	Елде футбол клубтарының жанында кемінде 10 жасөспірімдер Академиясы жұмыс істейді
		Ұлттық командаларды даярлаудың ұлттық орталығы ашылды және толықтай жұмыс істейді		

		Ұлттық жастар командаларында бірінші құрама команданың ойын Моделіне сәйкес келетін бірыңғай ойын стилі анық байқалады	Ұлттық жастар командаларында ұлттық моделге сәйкес келетін бірыңғай ойын стилі анық байқалады	Барлық ұлттық командаларда бірінші құрама команданың (Ұлттық модель) ойын моделіне сәйкес келетін бірыңғай ойын стилі анық байқалады.
		2022 жылмен салыстырғанда кемінде +10 U21 жастар командасы Қазақстанның кәсіби лигаларына қатысады (екінші және мүмкіндігінше бірінші лиганың)	2022 жылмен салыстырғанда кемінде +12 U21 жастар командасы Қазақстанның кәсіби лигаларына қатысады (екінші және мүмкіндігінше бірінші лиганың)	2022 жылмен салыстырғанда кемінде +16 U21 жастар командасы Қазақстанның кәсіби лигаларына қатысады (екінші және мүмкіндігінше бірінші лиганың)
		ҚФФ жанындағы жастар құрамаларын даярлау жөніндегі Ұлттық орталық түлектерінің 50% және одан астамы 18 жасқа толған кезде ҚКФЛ кәсіби клубтарының бірінде келісімшарт негізіндегі кәсіби футболшылар болып табылады	ҚФФ жанындағы жастар құрамаларын даярлау жөніндегі Ұлттық орталық түлектерінің 70% және одан астамы 18 жасқа толған кезде ҚКФЛ кәсіби клубтарының бірінде келісімшарт негізіндегі кәсіби футболшылар болып табылады	ҚФФ жанындағы жастар құрамаларын даярлау жөніндегі Ұлттық орталық түлектерінің 80% және одан астамы 18 жасқа толған кезде ҚКФЛ кәсіби клубтарының бірінде келісімшарт негізіндегі кәсіби футболшылар болып табылады
	ҚПЛ-дағы ойын минуттарының кемінде 5% - ы және бірінші лигадағы ойын минуттарының кемінде 20% - ы 23 жасқа дейінгі ойыншыларға тиесілі	ҚПЛ-дағы ойын минуттарының кемінде 10% - ы және бірінші лигадағы ойын минуттарының кемінде 25% - ы 23 жасқа дейінгі ойыншыларға тиесілі	ҚПЛ-дағы ойын минуттарының кемінде 20% - ы және бірінші лигадағы ойын минуттарының кемінде 35% - ы 23 жасқа дейінгі ойыншыларға тиесілі	ҚПЛ-дағы ойын минуттарының кемінде 25% - ы және бірінші лигадағы ойын минуттарының кемінде 40% - ы 23 жасқа дейінгі ойыншыларға тиесілі
	U20 және U21 құрамалары Әлем және Еуропа чемпионатына шығу үшін ойнайды, сәйкесінше үшінші орыннан төмен емес орын алады	U20 және U21 құрамаларының Әлем және Еуропа чемпионатына шығу үшін турнирлердегі ойын сапасы мен моделі халықаралық сарапшылармен жоғары бағаланды	U20 және U21 құрамаларының соңғы турына дейін сәйкесінше Әлем және Еуропа чемпионатына шығу үшін күрес	U21 құрамасының Еуропа 2033 чемпионатына шығуы

Қазақстандық футболшыларды әлемдік аренада ілгерілету	Тікелей қарым-қатынастарды дамыту және қазақстандық жас футболшылардың жұмысқа орналасуына көмек көрсету үшін ұқсас ойын моделі бар мақсатты лигалар мен клубтардың тізімін әзірлеу (кем дегенде екінші команда деңгейіндегі тікелей келісімшарттарды қарауға және/немесе қол қоюға)	23 жасқа дейінгі кемінде 3 қазақстандық футболшы соңғы 3 жыл ішінде шетелде, лигалар рейтингі жоғары елдерде өнер көрсетеді	23 жасқа дейінгі кемінде 7 қазақстандық футболшы шет елдерде, лигалар рейтингі жоғары елдерде өнер көрсетеді	23 жасқа дейінгі кемінде 10 қазақстандық футболшы шетелде лигалар рейтингі жоғары елдерде, және олардың кемінде 1-еуі топ 5 чемпионаттарында өнер көрсетеді
		Кем дегенде 3 қазақстандық футболшы Еуропадағы топ-10 чемпионатта ойнайды	Кем дегенде 1 қазақстандық футболшы Еуропадағы топ-5 чемпионатта ойнайды	Барлық жастағы кем дегенде 3 қазақстандық футболшы Еуропадағы топ-5 чемпионатта ойнайды
		30-дан астам қазақстандық футболшы Қазақстанға қарағанда жоғары рейтингке ие елдердің шетелдік чемпионаттарында ойнайды	40-тан астам қазақстандық футболшы Қазақстанға қарағанда жоғары рейтингке ие елдердің шетелдік чемпионаттарында ойнайды	50-ден астам қазақстандық футболшы Қазақстанға қарағанда жоғары рейтингке ие елдердің шетелдік чемпионаттарында ойнайды

Қазақстандық кәсіби футболдың реформасы бір немесе екі жылдың ісі емес екені көрер көзге айқын. Қолданыстағы жүйені тепе-теңдіктің жаңа күйіне жоспарлы түрде ауыстыру үшін жұмысқа нарықтық тетіктерді және жеке секторды қоса отырып, мақсатқа лайықты, қиындығы мол, тыңғылықты жұмыс талап етіледі. Мемлекеттік қаржыландыру моделіндегі алғашқы реформалар ең күрделі мақсатты іске қосуға және жандандыруға көмектеседі, оған қол жеткізудің әсері алдағы ондаған жылдарда сезілетін болады: әлемдік деңгейдегі таланттар буынын тәрбиелеу.

3. *Жол картасы және №3 мақсатқа жету көрсеткіштері* ***Елде футбол бизнес индустриясын құруға бағытталған Қазақстандағы кәсіби футбол трансформациясы.***

Қазақстан футболын дамытудың 2034 жылға дейінгі Стратегиясының маңызды міндеттері болып кәсіби футболды қаржыландыру тәсілдеріндегі құрылымдық реформалар, клубтарды иелену құрылымы, кәсіби лигаларды өткізу регламенттерінің бағытылығы және футбол бизнесі индустриясын құру табылады. Бұл өзгерістер қазақстандық футболға

жанкүйерлер көзіндегі қызығушылық пен тартымдылықты қайтару, жаттықтырушылар мен ойыншылар арасындағы жергілікті таланттарды дамыту, сондай-ақ қазақстандық клубтар мен құрамалардың нәтижелерін жақсарту үшін қажет. Жоғарыда айтылғандай, негізгі өзгерістер мыналарға қатысты болады:

- Кәсіби клубтарды басқару сапасын жақсарту, басқару стандартын енгізу, кәсіби клубтарды сайыстарға жіберу үшін оларды лицензиялау жүйесінің стандартын интеграциялау;
- Мемлекеттік қаражатты пайдалану фокусының өзгеруі (жалақы ведомосін қаржыландырудан академияларды және дарынды қазақстандық жастарды даярлау жүйесін қаржыландыруға), қазақстандық жаттықтырушыларға деген сенімді дамыту және құру, сондай-ақ әйелдер кәсіби футболын дамытуды қолдау (әйелдер премьер-лигасын кеңейту және ілгерілету және бірінші лиганы іске қосу);
- Демеушілермен және серіктестермен ынтымақтастықтың жаңа моделін құру, бұл кәсіби футболдың сапасын және жанкүйерлер мен демеушілер тарапынан қызығушылық деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді.
- Соңғы қадам қазақстандық кәсіби клубтарды жақсы дайындалған, кезең-кезеңімен жекешелендіру және мемлекеттің кәсіби командалардың бюджеттерін қаржыландырудан шығуы болады.

Жол картасы және №3 мақсатқа жету көрсеткіштері

Стратегиялық міндет	**Кезеңдер**	Кезеңдер	Кезеңдер	**Мақсат**
	2025	**2030**	**2032**	**2034**
Клубты басқару Стандартын енгізу	ҚПЛ мен бірінші лигаға қатысу үшін клубтарды лицензиялау жүйесіне жаңа басқару стандартын енгізу (әр лига үшін әртүрлі стандарттар)			
	Клубтардың кем дегенде 20% - ы клубты басқарудың минималды стандартына сәйкес жұмыс істейді	Клубтардың 50% - ы клубты басқарудың белгіленген ең төменгі стандартынан төмен емес деңгейде жұмыс істейді	Клубтардың 75% - ы клубты басқарудың белгіленген ең төменгі стандартынан төмен емес деңгейде жұмыс істейді	Клубтардың 90% - ы клубты басқарудың белгіленген ең төменгі стандартынан төмен емес деңгейде жұмыс істейді
Реформалар жүргізу үшін кәсіби менеджерлер мен көшбасшылардың пулын дайындау	2025 маусымы басталғанға дейін Жаттықтырушыларды даярлау орталығында және Спорт менеджерлерін даярлау орталығында клуб басшыларының,	2030 маусымы басталғанға дейін Жаттықтырушыларды даярлау орталығында және Спорт менеджерлерін даярлау орталығында клуб басшыларының, спорт	2032 маусымы басталғанға дейін Жаттықтырушыларды даярлау орталығында және Спорт менеджерлерін даярлау орталығында клуб басшыларының,	Клуб басшыларының, спорттық және техникалық директорлардың, жаттықтырушылардың, сарапшылардың, ұйымдастырушылар мен

	спорт директорларының және сарапшы-жаттықтырушылардың кемінде 50% - ын даярлау	директорларының және сарапшы-жаттықтырушылардың кемінде 60% - ын даярлау	спорт директорларының және сарапшы-жаттықтырушылардың кемінде 70% - ын даярлау	қызметкерлердің кемінде 80% - ы Жаттықтырушыларды даярлау орталығы мен Спорт менеджерлерін даярлау орталығының бағдарламаларынан өтті
	Барлық басқа футбол кәсіптеріне Спорт кадрларын даярлау орталығы мен Спорт менеджерлерін даярлау орталығының бағдарламаларын кеңейту және олар бойынша ағындарды іске қосу	Клуб қызметкерлерінің 50% - ы Спорт кадрларын даярлау орталығы мен Спорт менеджерлерін даярлау орталығы бағдарламаларының түлектері болып табылады	Клуб қызметкерлерінің 60% - ы Спорт кадрларын даярлау орталығы мен Спорт менеджерлерін даярлау орталығы бағдарламаларының түлектері болып табылады	Клуб қызметкерлерінің 70% - ы Спорт кадрларын даярлау орталығы мен Спорт менеджерлерін даярлау орталығы бағдарламаларының түлектері болып табылады
Қаржыландыруды кәсіби клубтар үшін жас қазақстандық ойыншылар мен жаттықтырушыларды даярлауға аудару		Барлық кәсіби клубтар бюджеттеріндегі мемлекеттің қаржыландыру үлесі 60% - дан аспайды	Барлық кәсіби клубтар бюджеттеріндегі мемлекеттің қаржыландыру үлесі 35% - дан аспайды	Барлық кәсіби клубтар бюджеттеріндегі мемлекеттің қаржыландыру үлесі 25% - дан аспайды
		Мемлекеттік қаражаттың кем дегенде 40% - ы академияларды дамытуға және жас жаттықтырушылар мен ойыншыларды тәрбиелеуге жұмсалады	Мемлекеттік қаражаттың кем дегенде 60% - ы академияларды дамытуға және жас жаттықтырушылар мен ойыншыларды тәрбиелеуге жұмсалады	Мемлекеттік қаражаттың кем дегенде 80% - ы академияларды дамытуға және жас жаттықтырушылар мен ойыншыларды тәрбиелеуге жұмсалады
	«Қазақстан футболының алтын жаттықтырушылар қоры» бағдарламасының бірінші шығарылымы	Кәсіби клубтар мен құрамалардың бас жаттықтырушылары болып табылатын жергілікті жаттықтырушылардың санын кемінде 40% - ға дейін ұлғайту	Кәсіби клубтар мен құрамалардың командаларын басқаратын жергілікті жаттықтырушылар санын 70%-ға дейін ұлғайту	Кәсіби клубтар мен құрамалардың командаларын басқаратын жергілікті жаттықтырушылар санын 80%-ға дейін ұлғайту
Қазақстандық жас ойыншылардың белсенді пайдалануын ынталандыру үшін		ҚПЛ-да легионерлердің (Достастық елдерінің футболшыларын қоса алғанда) ойнаған минуттарының үлесі	ҚПЛ-да легионерлердің (Достастық елдерінің футболшыларын қоса алғанда) ойнаған	ҚПЛ-да легионерлердің (Достастық елдерінің футболшыларын қоса алғанда) ойнаған

лигалар регламентін өзгерту		60% - дан аспайды, ал бірінші лигада 10% - дан аспайды	минуттарының үлесі 40% - дан аспайды, ал бірінші лигада 10% - дан аспайды	минуттарының үлесі 35% - дан аспайды, ал бірінші лигада 7,5% - дан аспайды
			КПЛ мен бірінші Лигадағы футболшылардың орташа жасы сәйкесінше 26 және 24 жастан аспайды.	КПЛ мен бірінші Лигадағы футболшылардың орташа жасы сәйкесінше 25 және 23 жастан аспайды.
	Лигалар мен ел кубогын өткізудің жаңа форматтары енгізілді			
Кәсіби әйелдер футболын дамыту		Жоғары кәсіби әйелдер лигасын кеңейту (8 команда)	Жоғары кәсіби әйелдер лигасын кеңейту (10 команда)	Жоғары кәсіби әйелдер лигасын кеңейту (12 команда)
		Бірінші жартылай кәсіби әйелдер лигасының (8 команда)ашылуы	Бірінші жартылай кәсіби әйелдер лигасын кеңейту (6 командадан 2 топ)	Бірінші жартылай кәсіби әйелдер лигасын кеңейту (8 командадан 2 топ)
Клубтарды жекешелендіру		Премьер-лигада 3 жеке клубтардың болуы	Кәсіби клубтардың кемінде >70% жеке иелікте	Кәсіби клубтардың кемінде >80% жеке иелікте
		Барлық жеке меншік клуб иелері «Футбол клубының иесі» міндетті бағдарламасынан өтті	Барлық жеке меншік клуб иелері Спорт менеджерлерін даярлау орталығының «Футбол клубының иесі» міндетті бағдарламасынан өтті	Барлық жеке меншік клуб иелері Спорт менеджерлерін даярлау орталығының «Футбол клубының иесі» міндетті бағдарламасынан өтті
Елде футбол бизнесі индустриясын құру	Жанкүйерлердің кемінде 20% - ы Қазақстан лигаларының футбол стилін тартымды және қызықты, ал алаңдағы бәсекелестікті адал және ымырасыз деп бағалайды	Жанкүйерлердің кемінде 40% - ы Қазақстан лигаларының футбол стилін тартымды және қызықты, ал алаңдағы бәсекелестікті адал және ымырасыз деп бағалайды	Жанкүйерлердің кемінде 45% - ы Қазақстан лигаларының футбол стилін тартымды және қызықты, ал алаңдағы бәсекелестікті адал және ымырасыз деп бағалайды	Жанкүйерлердің кемінде 50% - ы Қазақстан лигаларының футбол стилін тартымды және қызықты, ал алаңдағы бәсекелестікті адал және ымырасыз деп бағалайды
	Жергілікті жанкүйерлер жергілікті клубтарды жанкүйерлермен жұмыс сапасы бойынша «Орташа деңгейде» (кемінде	Жергілікті жанкүйерлер жергілікті клубтарды жанкүйерлермен жұмыс сапасы бойынша «Орташадан жоғары» (кемінде 5-	Жергілікті жанкүйерлер жергілікті клубтарды жанкүйерлермен жұмыс сапасы бойынша «Орташадан	Жергілікті жанкүйерлер жергілікті клубтарды жанкүйерлермен жұмыс сапасы бойынша «Орташадан

	5-тен 3 немесе 10-нан 5) деп бағалайды	тен 3.5 немесе 10-нан 6) деп бағалайды	жоғары» (кемінде 5-тен 3.8 немесе 10-нан 6.6) деп бағалайды	жоғары» (кемінде 5-тен 4 немесе 10-нан 7) деп бағалайды
	ҚПЛ матчтарындағы стадиондарға орташа келу 6,500-ден кем емес	ҚПЛ матчтарындағы стадиондарға орташа келу 7,500-ден кем емес	ҚПЛ матчтарындағы стадиондарға орташа келу 8,500-ден кем емес	ҚПЛ матчтарындағы стадиондарға орташа келу 10000-нан кем емес
	Кәсіби футболға қызығушылық танытатын аудиторияны көбейтуге негізделген коммерциялық стратегия жасалды	Қазақстандық футбол жылына кемінде $10 миллион сомаға матчтарды телевизиялық трансляциялауға құқық пулымен спорттық ойын-сауық индустриясының бір бөлігіне айналды	Қазақстандық футбол жылына кемінде $20 миллион сомаға матчтарды телевизиялық трансляциялауға құқық пулымен спорттық ойын-сауық индустриясының бір бөлігіне айналды	Қазақстандық футбол жылына кемінде $25 миллион сомаға матчтарды телевизиялық трансляциялауға құқық пулымен спорттық ойын-сауық индустриясының бір бөлігіне айналды
	Клубтардың 50%-дан астамында шығынсыздық деңгейіне шығу бойынша бизнес-жоспар бар	Клубтардың 50% - дан астамы иелері үшін шығынсыз болып табылады	Клубтардың 60% - дан астамы иелері үшін шығынсыз болып табылады	Клубтардың 75% - дан астамы иелері үшін шығынсыз болып табылады

Қазақстандық кәсіби футболды реформалау-бір-екі жылдың ісі емес. Жұмыс істеп тұрған жүйені тепе-теңдіктің жаңа жай-күйіне жоспарлы түрде ауыстыру үшін, бұл ретте жұмысқа нарықтық тетіктерді және жеке секторды қоса отырып, мақсатты, қиын, ұқыпты жұмыс талап етіледі. Қол жеткізудің әсері ондаған жылдарға алдын сезілетін, мемлекеттік қаржыландыру моделіндегі алғашқы реформалар ең қиын мақсатты іске қосуға және жандандыруға көмектеседі: әлемдік деңгейдегі таланты ұрпақтарды тәрбиелеу.

4. Жол картасы және №4 мақсатқа жету көрсеткіштері ***Халықаралық аренада спорттық нәтижелерді жақсарту.***

Жол картасы және №4 мақсатқа жету көрсеткіштері

Стратегиялық міндет	**Кезеңдер**	**Кезеңдер**	**Кезеңдер**	**Мақсат**
	2025	**2030**	**2032**	**2034**
Халықаралық нәтижелерге қол жеткізу	Құраманың рейтингі 100 орыннан жоғары	Құраманың рейтингі 70 орыннан жоғары		Құраманың рейтингі 40 орыннан жоғары
	Сауалнамаға қатысқандардың кем дегенде 25% - ы өз елінің футбол нәтижелері үшін мақтаныш сезімін сезінеді	Сауалнамаға қатысқандардың кем дегенде 40% - ы өз елінің футбол нәтижелері үшін мақтаныш сезімін сезінеді		Сауалнамаға қатысқандардың кем дегенде 50% - ы өз елінің футбол нәтижелері үшін мақтаныш сезімін сезінеді

3.2. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін жобаларды іске асыру бағдарламасы

1. **«Футбол ойынының ұлттық философиясы - спорттық жетістіктердің кепілі» жобасы**

Жобаны іске асырудың басталуы - 2022 жыл.

Жоба келесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған немесе әсер етеді:

Стратегиялық мақсаттың атауы	Стратегиялық міндеттің атауы
№1 Футбол қызметінің барлық салаларын жоғары білікті кадрлармен толықтыру: жаттықтырушылар, судьялар, менеджерлер.	Ұлттық философияны, қағидаларды және футбол моделін өзектендіру
	Ойыншыларды оқыту және дамыту процесіне ұлттық философияны, ойын қағидаттары мен моделін енгізу
	Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту
№4 Халықаралық аренада спорттық нәтижелерді жақсарту.	Халықаралық нәтижелерге қол жеткізу

Байланысты жобалар / жобалар бағдарламалары:

- «Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту» жобалар бағдарламасы.
- «Ұлттық құрамалар институты» жобасы.

2. **«Футбол кадрларын даярлау» жобаларының бағдарламасы**

Жобаны іске асырудың басталуы-2023 жыл.

Жобалар бағдарламасы келесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған немесе әсер етеді:

Стратегиялық мақсаттың атауы	Стратегиялық міндеттің атауы
№1 Футбол қызметінің барлық салаларын жоғары білікті кадрлармен толықтыру: жаттықтырушылар, судьялар, менеджерлер.	ҚФФ жанынан футбол кадрларын даярлау орталықтарын құру
№ 2 Әлемдік деңгейдегі қазақстандық футболшыларды даярлау жүйесін құру	Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту
№3 Елде футбол бизнесінің индустриясын құруға бағытталған, Қазақстандық кәсіби футболды Қазақстанда трансформациялау.	Реформалар жүргізу үшін кәсіби менеджерлер мен көшбасшылардың пулын дайындау

Байланысты жобалар / жобалар бағдарламалары:

- «Футбол ойынының ұлттық философиясы – спорттық жетістіктердің кепілі» жобасы.
- «Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту» жобалар бағдарламасы.
- «Кәсіби футбол 2.0» жобасы.

3. **«Футбол-тең мүмкіндіктер спорты» жобаларының бағдарламасы**

Жобалар бағдарламасын іске асырудың басталуы – 2022 жыл.

Жобалар бағдарламасы келесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған немесе әсер етеді:

Стратегиялық мақсаттың атауы	Стратегиялық міндеттің атауы
№ 2 Әлемдік деңгейдегі қазақстандық футболшыларды даярлау жүйесін құру	Жаппай футболды (оның ішінде әйелдер футболын)дамыту
	Инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу
	Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту

Байланысты жобалар / жобалар бағдарламалары:

- «Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту» жобалар бағдарламасы.

4. «Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту» жобалар бағдарламасы

Жобалар бағдарламасын іске асырудың басталуы – 2023 жыл.

Жобалар бағдарламасы келесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған немесе әсер етеді:

Стратегиялық мақсаттың атауы	Стратегиялық міндеттің атауы
№ 2 Әлемдік деңгейдегі қазақстандық футболшыларды даярлау жүйесін құру	Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту
	Қазақстандық футболшыларды әлемдік аренада ілгерілету
№3 Елде футбол бизнесінің индустриясын құруға бағытталған, Қазақстандық кәсіби футболды Қазақстанда трансформациялау.	Қазақстандық жас ойыншылардың белсенді пайдалануын ынталандыру үшін лигалар регламентін өзгерту

Байланысты жобалар / жобалар бағдарламалары:

- «Футбол ойынының ұлттық философиясы - спорттық жетістіктердің кепілі» жобасы
- «Футбол кадрларын даярлау» жобаларының бағдарламасы
- «Кәсіби футбол 2.0» жобасы

5. «Ұлттық құрамалар институты» жобасы

Жобаны іске асырудың басталуы-2023 жыл.

Жоба келесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған немесе әсер етеді:

Стратегиялық мақсаттың атауы	Стратегиялық міндеттің атауы
№1 футбол қызметінің барлық салаларын жоғары білікті кадрлармен толықтыру: жаттықтырушылар, судьялар, менеджерлер	Ұлттық философияны, қағидаларды және футбол моделін өзектендіру
	Ойыншыларды оқыту және дамыту процесіне ұлттық философияны, ойын қағидаттары мен моделін енгізу
№4 халықаралық аренада спорттық нәтижелерді жақсарту.	Халықаралық нәтижелерге қол жеткізу

Байланысты жобалар / жобалар бағдарламалары:

- «Футбол ойынының ұлттық философиясы – спорттық жетістіктердің кепілі» жобасы.
- «Элиталық балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту» жобалар бағдарламасы.

6. «Кәсіби футболды басқару жүйесін жетілдіру» жобасы

Жобаны іске асырудың басталуы-2023 жыл.

Жоба келесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған немесе әсер етеді:

Стратегиялық мақсаттың атауы	Стратегиялық міндеттің атауы
№3 Елде футбол бизнесінің индустриясын құруға бағытталған, Қазақстандық кәсіби футболды Қазақстанда трансформациялау.	Клубты басқарудың Стандартын енгізу
	Реформалар жүргізу үшін кәсіби менеджерлер мен көшбасшылардың пулын дайындау

Байланысты жобалар / жобалар бағдарламалары:

- «Футбол кадрларын даярлау» жобаларының бағдарламасы.

7. «Кәсіби футбол 2.0» жобасы

Жобаны іске асырудың басталуы-2025 жыл.

Жоба келесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған немесе әсер етеді:

Стратегиялық мақсаттың атауы	Стратегиялық міндеттің атауы
№ 2 Әлемдік деңгейдегі қазақстандық футболшыларды даярлау жүйесін құру	Қазақстандық футболшыларды әлемдік аренада ілгерілету
№3 Елде футбол бизнесінің индустриясын құруға бағытталған, Қазақстандық кәсіби футболды Қазақстанда трансформациялау.	Қаржыландыруды кәсіби клубтар үшін жас қазақстандық ойыншылар мен жаттықтырушыларды даярлауға аудару
	Қазақстандық жас ойыншылардың белсенді пайдалануын ынталандыру үшін лигалар регламентін өзгерту
	Кәсіби әйелдер футболын дамыту
	Клубтарды жекешелендіру
	Елде футбол бизнесі индустриясын құру

Байланысты жобалар / жобалар бағдарламалары:

- «Кәсіби футболды басқару жүйесін жетілдіру» жобасы.

4-тарау. Қойылған мақсаттарға қол жеткізудің негізгі тетіктері

"Стратегия-2034" бірнеше түйінді энергия көзіне және келешек реформалардың мазмұнына сүйенеді. Біріншіден, алдымен жүздеген, содан кейін мыңдаған жаттықтырушылар мен басқарушыларды оқыту, даярлау және олардың күш-жігерлерін үйлестіру; екіншіден, футбол экожүйесінің барлық қатысушыларының саламатты нарықтық мотивациясын қайта құрылымдау және құру; үшіншіден, барлық футбол құрылымдарын басқарудың озық стандарттарын бақылау; төртіншіден, ынтымақтастықтың жаңа, жанды және мазмұнды модельдерін құру; соңғысы – осының бәріне, яғни болашақта жұмыс нәтижелерін көру үшін уақыт, шыдам және байыптылық қажет. Төменде осы өзгеріс тетіктерінің әрқайсысына толығырақ тоқталатын боламыз.

1. *Дарынды жаттықтырушылар мен басқарушыларды оқыту және дамыту жүйесі.*

   Бизнестегі немесе спорттағы болсын, кез-келген өзгерістер мен реформалар әрқашан жаңа құзыреттер мен тәсілдемелерді қажет етеді. Футбол сияқты ауқымды, бұқаралық секторда жетістік көбінесе жергілікті жердегі мыңдаған маңызды адамдардың (жаттықтырушылар, футбол мектептері мен клуб менеджерлері, жарыс ұйымдастырушылар, жергілікті федерация басшылары) талантына қарай анықталады. Біздің дәстүріміз – кемшіліктерді, кәсіпқойлықтың жетіспеушілігін, әлсіздіктерді атап өту және әділ сынау. "Стратегия – 2034" қазақстандық футболдың қоржыны қаншалықты бос екеніне емес, керісінше -сапалы, құрылымдалған, қолжетімді және ауқымдалатын оқыту жүйесі мен футбол жаттықтырушыларын, басқарушыларды, ұйымдастырушыларды дамыту жүйесі болған жағдайда, футболды дамытудың резерві қаншалықты үлкен болатынына мән береді. "Стратегия-2034" қазақстандық футболдағы шешуші позициялардағы мыңдаған кәсіпқойларды тұрақты дамыту өзгерістерді іске қосу және қолдаудың бірінші және ең маңызды тетігі деп біледі.

2. *Футбол секторының саламатты құрылымы және барлық қатысушыларды ынталандыру*

   Оң өзгерістердің екінші маңызды резервуары қазақстандық кәсіби клубтар мен лигаларды қаржыландыру, иелену және басқару құрылымымен байланысты реформалардан тұрады. Ірі қалалардағы әлеуметтік маңызды институттар болып табылатын футбол клубтарын қолдау үшін мемлекет көптеген жылдар бойы футбол секторының 90% иесі де, қаржыландырушысы да болып келді. Алдымен қаржыландыру саласында, содан кейін клубтарды иелену құрылымында және лигаларды өткізу регламенттері саласында (дамуға дұрыс бағдар ала отырып) өзгерістер үрдісін іске қосқаннан кейін қазақстандық футбол процестің барлық қатысушыларының мотивациясын неғұрлым дұрыс арнаға бұра алады, клубтарды басқаруға жеке сектордан жаңа таланттар мен ресурстарды тарта алады. Сонымен қатар кәсіби футболды ауқымды (бір-бірлеп емес) жекешелендіру футбол бизнесі индустриясының сермерін іске қосады, бұл өз кезегінде футбол активтерінің жеке инвестициялар үшін тартымдылығын арттырады.

3. *Барлық футбол ұйымдарын басқарудың сапасы мен тиімділігі.*

Футбол шаруашылығы әртүрлі ұйымдардан тұрады және солардың көмегімен басқарылады, олар: жеке футбол мектептері, кәсіби клубтар, облыстық және қалалық федерациялар, ҚФФ. Осы ұйымдардың барлығының жұмыла жұмыс істеуі, ең алдымен, оларды басқару сапасына байланысты; тек мықты менеджерлер тобы басқаратын құрылымдар ғана өз мақсаттарына қол жеткізе алады. Ал басқару сапасы, өз кезегінде, команданың қолданыстағы құзыреттеріне, осы құзыреттерді арттыруға деген ниетіне, сондай-ақ оларды арттыруға деген мотивациясына байланысты. Сондықтан дамыту және оқыту жүйесін (және түрлі менеджерлерге арналған бағдарламаларды) құрумен қатар, "Стратегия-2034" басқару стандарттарын (мектеп, клуб, жергілікті федерация) және осы стандарттарды сақтауды ынталандыру тетіктерін құру арқылы футбол ұйымдарының көшбасшыларына көмектесудің үлкен мүмкіндігін көздейді. Бір жағынан, оқу және даму үшін мүмкіндіктер жасай отырып, ал екінші жағынан, қатысушыларға сеніп тапсырылған футбол ұйымдарының (әсіресе мемлекет қатысатын ұйымдардың) басқару стандарттарын ұстануға қатысты талап- тілектерді қоя отырып, «Стратегия–2034» футболдың әр басқарушысына өзінің жеке әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде бүкіл футбол экожүйесінің жетістіктерін жақсартуға қол жеткізіледі.

4. *Жалпы нәтижеге қол жеткізуге арналған ынтымақтастықтың жаңа модельдері.*

Өзгерістерді іске қосу мен қолдаудың тағы бір тетігі футбол секторының әртүрлі қатысушылары арасындағы ынтымақтастықтың жаңа модельдерін енгізу болмақ. Бұл жерде ҚФФ катализатор ретінде әрекет етеді және өзара әрекеттесудің жаңа форматтарының реформалар процесіне жаңа идеялар мен қуат беретініне үлгі болады. Бұл форматтар алдымен Федерацияның көмегімен сыналып, енгізіледі, содан кейін аймақтардың ықпалы мен маңыздылығын күшейту үшін жергілікті орындарға біртіндеп таратылады. Жеке мектептер /БЖСМ /жергілікті федерация, жергілікті кәсіби клуб/БЖСМ/жеке мектептер, жергілікті федерациялар/ҚФФ, УЕФА/ҚФФ/жергілікті федерациялар, жыл сайынғы ұлттық футбол конференциясы және нақты мақсаттар мен нәтижелерді көздейтін тұрақты, дұрыс құрылымдалған кездесулердің басқа да форматтары жаңа нормаға айналады: әріптестер тәжірибелерімен, жұмыс тәсілдемелерімен, табыстарымен бір-бірімен бөлісе алады.

5. *Уақыт: іргелі, қайтымсыз, ұзақ мерзімді өзгерістерге назар аударылады.*

Табысқа жету үшін біз әуелден қалыптасқан дәстүрден бас тартуымыз керек, яғни бәрінің тез бола қойғанын, жеңіске 3 жылда жетуді қалайтын құрғақ қиялдан арылуға тиіспіз. Олай болмайды. Биік мақсаттарға жету үшін жүйелі және мақсатқа сай жұмыс жүргізу керек: ол үшін уақыт қажет. "Стратегия–2034" көкжиегі неге 12 жылға жоспарланған, бұл ұзақ қой? 3-4 жыл ішінде осының бәрін әупірімдеп тез жасай салып, 2026 жылы мерекелік үстел басында тойлап отыруға болмай ма?

Спорттың көпғасырлық тарихы бар. Қазақстан футболына 100 жыл толды, демек алда даму мен өркендеудің жүзжылдықтары күтіп тұр. Сондай-ақ футболда, әсіресе оның халықаралық деңгейінде, ұлттық құрама деңгейінде, жеңіске жеке жұлдыздар емес, ойыншылардың буыны жеңіске жететіні белгілі: 60-шы жылдары ағылшындар, 70-ші жылдары голландиялықтар, 80-ші жылдары немістер мен аргентиналықтар, 90-шы жылдары бразилиялықтар, 2000шы жылдары испаниялықтар, 2010 жылы немістер

мен француздар, 21 ғасырдың екінші онжылдығының басында даниялықтар – бұлардың барлығын стратегиялық жоспардың жемісі, аса шебер футболшылардың тұтас буындарын даярлауға және олардың теңдессіз нәтижелерге қол жеткізуіне қолдау мен жағдай жасау қабілеті біріктіреді.

Кейбір елдер кәсіби деңгейдегі ойыншыларды дамыту конвейерін жолға қоя алды (Бразилия, Германия, Франция), ал кейбірлерінің қолынан келмеді. Бір елдер ойыншыларды бұқаралық футболға қатысушылардың көптігі есебінен (Бразилия), екіншілері мыңдаған жаттықтырушылар мен тәртіптің жоғары деңгейі есебінен (Германия), үшіншілері таңдаулы (элита) жастарды дамытудың орталықтандырылған және бірегей бағдарламасы есебінен (Франция) тәрбиелеуде. Бірақ барлығының түпкі ойы – екі-үш жұлдызды емес, команда ретінде жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатын ойыншылардың тұтас буынын даярлап шығару. Өйткені футбол – командалық ойын. Футбол маңайында дарынды отандастары жоқ, жеке-дара бағы жанған жұлдыздарға тым қатал, оны түсіну үшін Месси, Бекхем, Кройфты еске түсірсеңіз жеткілікті – олар өздерінің ұлттық құрамаларының сапында әлемдік аренада жоғары нәтижелерге қол жеткізе алмады.

"Футбол – мәңгілік ұғым, ал нәтижелерге ойыншылардың буыны қол жеткізеді" деген қарапайым тұжырымдарға құлақ аспайтын ұлттық федерациялар тарапынан футболды дамыту жұмысы тек 3-4 жыл, келесі Әлем чемпионатына немесе Еуропа чемпионатына дейін жүреді; бұл Қазақстанға да тән құбылыс. Олай болса қысқа мерзімді стратегиялардың жолы кесіліп, нәтижелер жақсармайды және бүкіл процесс қайтадан басталады. Керісінше, Федерациялар жұмысты жоспарлы жүргізіп, 10 жыл немесе одан да ұзақ уақыт бойы жүзеге асыратын болса, нәтижелер пайда болады. Мысалы, Жапония футбол федерациясы өзінің стратегиясын 2005 жылы 10 жылға (2005-2015) жасап, халықаралық аренада ерекше жетістіктерге жетті; Қытайдағы тоқырау кезеңінен футболды алып шығудың қазіргі стратегиясы 2016 жылдан 2050 жылға дейінгі кезеңді –жоспарлау көкжиегі 35 жылды қамтиды!

"Стратегия-2034" футболда жылдам жеңістер болмайтындығын аксиома ретінде қабылдайды. Тек жоғары деңгейлі ойыншылар мен командалардың тұтас буынын дамыту және тәрбиелеу жұмысы өз нәтижесін береді; әлем ойыншыларымен иық тірестіре алатын тұтас буын 2034 жылғы Әлем чемпионатына қатысуға мүмкіндік алады. Тек 8-10 жыл ішіндегі табанды, мақсатты жұмыс Қазақстанға әлемдік футбол аренасынан лайықты орын алуға мүмкіндік береді.

Ал "буынды тәрбиелеу" дегеніміз не? Бұл, әрине, бірінші кезекте таланттарды дамыту жүйесін құру дегенді білдіреді. Мұндай жүйе бірнеше міндетті, өзара кіріктірілген элементтерден тұрады, оларды тез құру мүмкін емес және жұмыстың нәтижесі бірден пайда болмайды. Футболға балаларды ерте жастан бастап тарту деңгейін арттыру, ұлттық философия мен ойын моделін құру және оны барлық жерде жаттықтыру процесінде қолдана бастау, ұлттық ойын моделі негізінде жаттықтырушыларды көптеп оқыту мен дамыту мектептерін жаңғырту, жасөспірімдер, жастар және Олимпиада құрамаларын басқарудың интеграцияланған жүйесін әзірлеу, футболшыларды даярлаудың ұлттық орталықтарын құру және клубтарға футбол орталықтарын дамытуға көмектесу, академиялар ұйымдастыру, 23 жасқа дейінгі жас қазақстандық ойыншыларды кеңінен пайдалану үшін кәсіби лигаларға ынталандыру тетіктерін енгізу қажет.

Әрине, бұл бір, екі немесе үш жыл төңірегіндегі жұмыс емес. Бұл жұмыстың нәтижелерін алдымен жасөспірімдер мен Олимпиада құрамалары деңгейінде, содан кейін елдің бірінші командасы деңгейінде көру үшін 6-10 жыл қажет болады.

Егер "Стратегия–2034" мақсаттарының екіншісі футболды қаржыландырудағы мемлекеттің рөлін азайту және клубтарды жекешелендіру деп қарастыратын болсақ, жоспарлаудың ұзағырақ болуы орынды. Бұл процесс клубтардың бәрін бір мезгілде жекелердің қолына таратып берумен бітпейді, бұл командалардың тағдырын қиындатып, жүгенсіздік пен кезекті дағдарысқа әкеледі. Мемлекетті Қазақстандағы футболдың бас қаржыландырушысы рөлінен шығару біркелкі және қиындықсыз жүруі үшін, тіпті осы секторға пайдалы болуы үшін, алдымен клубтарды мемлекеттік қаржыландыру тәсілдемесін өзгерту және клуб академиялары мен жастарды дамыту бағытындағы мемлекеттік қолдауды теңдестіру, клубтардың өздеріне бөлінген қаражатты пайдалану сапасын арттыру тетіктерін енгізу, кәсіби футбол басқарушыларының тұтас буынын оқыту және дайындау, клубтардың жұмысын жүйелеу, клубтарды үдемелі жекешелендіру механизмдерін дайындау, коммерциялық футбол индустриясын құру қажет – мұның бәрі клубтардың тартымдылығын арттыру және қазақстандық футболға жеке капиталды тарту үшін жасалатын болады.

Мұндай ауқымды өзгерістердің бірінші кезеңі 3-тен 5 жылға дейін уақытты қажет етеді, ал жекешелендіруден кейін футбол секторындағы жаңа тұрақты тепе-теңдік пайда болып, клубтардың қаржылық моделінің тұрақтылығына қол жеткізу үшін көп уақыт қажет. Сондықтан жекешелендіруді аяқтау және жаңа тепе-теңдікке қол жеткізу үшін 5-7 жылдық көкжиектегі жұмысты жоспарлау қажет.

Барлық басты мақсаттарға қол жеткізу үшін бізге жаңа тәсілдемелер мен ынта-жігер ғана емес, қайта құру процесіне қатысушылардың барлығының кәсіби шеберлігі мен даналығы қажет болары анық. Еліміздің спорттық дәстүрлеріне негізделген әлеуетті толықтай іске асыру үшін қазақстандық футболға уақыт беруіміз қажет. Уақыт пен процестің барлық қатысушыларының қолдауына ие болғаннан кейін біз "Стратегия–2034" жол картасын ұстануға, үлкен мақсаттарға жету жолында қысқа және орта мерзімді басымдықтарды орындауға назар аудара отырып, ілгері жүретін боламыз.

Өршіл мақсаттар мен оларға қол жеткізу тетіктерінен басқа, Қазақстан федерациясы реформалар процесін басқару үшін қолданатын басқару тәсілдемелеріндегі айырмашылықтарды да сипаттаудың маңызы зор.

5-тарау. Реформалар шеңберіндегі ҚФФ жұмысының қағидаттары

Реформалардың сәтті жүруі ең алдымен ҚФФ Президенті мен федерацияның басқасындағы көшбасшылар командасының кәсіби біліктілігі мен басқару тәжірибесіне байланысты болады. Кез-келген саладағы трансформация – бұл өнерден гөрі ғылым *десек дұрыс шығар,* оны жүзеге асыру жүйелі жүруі тиіс. Ол үшін белгілі бір жағдайда қажет болатын басқару қағидаттары мен технологияларын дұрыс таңдап, іске қосу керек.

1. **Шынайы жағдай пен басымдықтарды анықтау, идеяларды қалыптастыру және шешім нұсқаларын анықтау үшін процестің барлық мүдделі қатысушыларымен диалог орнауы тиіс.** Жеке алғанда кез-келген елдің футбол шаруашылығы –бұл әртүрлі құрылымдар мен қатысушылардан, олардың мақсаттарынан, олардың арасындағы қатынастардан, сондай-ақ оларды ынталандыру механизмдерінен, шектеулерден және ресурстардан тұратын экожүйе. Әр қатысушының бір шынайы болмысқа деген өзіндік бірегей көзқарасы, басымдықтары және шешім нұсқалары бар. Сондықтан барлық мүдделі тараптармен, әсіресе шешімдерді әзірлеудің бастапқы сатысында диалог құру қағидаты реформалар процесінің негізін құрайтын болады.

2. **Қаншалықты күрделі болғанымен, шынайы жағдаймен жұмыс істеу қажет.** Процестің барлық қатысушыларымен терең сұхбаттасуға негізделген талдау көбінесе шындықтың бастапқыда көрінісінен гөрі күрделі шындықты ашып беруі мүмкін. Реформалардың табыстылығы ҚФФ командасының ең күрделі жағдайларға және динамикаларға дайын болуымен және ашықтығымен, олардың маңыздылығын төмендетпей және қарапайым шешімдер қабылдау үшін шындықты бұрмаламай анықталады.

3. **Жүйелі, ойластырылған шешімдер (қажет болған жағдайда, табандылық).** Жоғарыда айтылғандай, кез-келген елдің футбол шаруашылығы – бұл экожүйе. Бұл нені білдіреді, яғни кез-келген маңызды шешім тек шешім қолданылатын аймақты қозғап қана қоймай, сонымен қатар футбол шаруашылығының басқа салаларына да әсер етеді, кейде күтпеген салдары орын алуы мүмкін (және көбінесе бірден байқала бермейді). Сондықтан реформаларды енгізудің маңызды қағидаты қабылданатын шешімдердің ойластырылуы мен жүйелілігі, олардың экожүйенің барлық элементтеріне ықтимал әсерін талдау және күтпеген салдарлардың пайда болуына тұрақты мониторинг жүргізу болып табылады. Сондай-ақ барлық өзгерістер де процестің барлық қатысушыларының көңілінен шығар бермеуі де ықтимал, сондықтан ҚФФ командасы келісімге қол жеткізілмеген жағдайда да, қажет болса, шешуші әрекетке дайын болады.

4. **Өзгерістер басталғанға дейін адамдар мен процестерді дайындау.** Реформалар барысында қалыптасқан дәстүр бойынша адамдарда үрдісті тездетуге, көп нәрсені жасап үлгеруге, нәтижелерді көрсетуге деген ұмтылыс пайда болады. Ал іске асыру жоспарларын егжей-тегжейлі зерттеу, қатысушыларды өзгерістерге тыңғылықты даярлау, процестер мен мән-жайларды зерделеу назардан тыс қалып жатады. "Стратегия – 2034" жол картасында көзделген реформаларды енгізу кезінде мұндай қателіктерге жол берілмейді. Өзгерістерді енгізу жоспарына көп көңіл бөлінетін болады: процесті бастар алдында нені, қандай ретпен, кім жүргізуі керек, кімді даярлау керек – кез-келген өзгеріс басталғанға дейін барлық осы сұрақтарға жауап алынатын болады.

5. **Қателерден сабақ алып, нәтижеге назар аудару керек.** Реформалардың нәтижесі басты назарда болады, ал қателіктер жаңа білім алуға және идеяларға жетелейтін қайнар көзі болмақ; бір нәрсені өзгерту, қателесу, талдау және сабақ алуға тырысу және қайта талпыну норма болмақ.

6. **Трансформацияның негізгі басқару технологиялары.** Реформаларды енгізу барысында ҚФФ командасы ауқымды трансформацияларды жүргізуге арналған бірнеше негізгі басқарушылық технологияларға сүйенетін болады.

    a. *Өзара әрекеттесудің жаңа мәдениетін құру.* Кез-келген трансформацияны жүзеге асыру үшін өзара әрекеттесу мәдениетін қалыптастыру қажет, соның арқасында қайта құру процесінің барлық қатысушылары ортақ мақсаттарға қол созады, ақпарат барлық бағытта тез және бұрмалаусыз жеткізіледі, процеске қатысушылар жаңалыққа әрдайым құштар (кейде бұл жаңалықтың не екені белгісіз) және біздің не көріп отырғанымыз, не үйренетініміз және не істеу керектігіміз туралы диалогтар жүреді.
    b. *Жобалық кеңсе және трансформациялық жобалар портфелі.* Алғашқы жылдары реформалар процесін ҚФФ жанындағы трансформациялық кеңсе басқаратын болады, ол үшін ең дарынды басқарушылар, футбол сарапшылары, кеңесшілер іріктелетін болады. Трансформацияны жүзеге асырудың барлық жұмысы өзінің мақсаттары, командалары, ресурстары мен кестесі бар жекелеген, бірақ бірыңғай тізбекке біріктірілген жобалар түрінде болады.
    c. *Процестік тәсілдеме.* Қажет болған жағдайда, белсенді қолданылатын тағы бір басқару технологиясы технологиялық тәсілдеме деп аталады. Бұл белгілі бір процестің тәптіштелген деңгейдегі егжей-тегжейлі қадамдық көрінісін білдіреді. Бұл тәсілдеме бірнеше трансформациялық жобалардың маңызды технологиялық элементіне айналады.
    d. *Процестің барлық қатысушыларының құзыреттілігін дамыту.* Соңғы және ең маңызды болуы мүмкін технология реформалар процесі басталғанға дейін және оның барысында барлық қатысушылар мен жоба командаларының құзыреттерін дамыту болмақ. Микро-тренингтер, халықаралық сарапшылар семинарлары, шетелде тағылымдамадан өту, оқыту курстары 2022 жылдың көктемінде бастау алады. Ал реформа қатысушыларының алған жаңа білімдері, дағдылары мен тәжірибесі "Стратегия – 2034" барлық мақсаттарына қол жеткізу үшін дереу қолданысқа енгізілетін болады.

6-тарау. Қорытынды

Футбол – бұл жай спорт емес. Оның танымалдығына келер болсақ, футбол алаңында және оның айналасында болып жатқан оқиғалардың әсері өте зор, сүйікті команданың жеңісі миллиондаған адамдарды шабыттандырады, ал жеңілсе, миллиондаған адамдар қайғырады. Ливерпульдің әйгілі жаттықтырушысы Билл Шенкли бір кездері: "Кейбіреулер үшін футбол өмірмен және өліммен теңдес. Олар қателеседі: футбол олардан да маңызды" деген болатын. Футбол нәтижелері елдің денсаулығының көрінісі, оның спортта ғана емес, сонымен қатар басқа салаларда да жеңіске жету мүмкіндігі болып табылады. Футбол үміт, қуаныш, эмоциялар сыйлайды және кейде өмірге мағына береді. «Стратегия-2034» осы сезімдердің барлығын Қазақстан халқына жеткізуді мақсат етеді және ҚФФ жетекшілік етеді!